


**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ**
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА
РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА
№33-34 (2748-2749)
06/05/2022

**В преддверии празднования 77-летия Дня Победы в Великой Отечественной войне в АО «НК «ҚТЖ» традиционно чествуют ветеранов, тружеников тыла, участников спецформирований НКПС (Народный комиссариат путей сообщения) и ветеранов железнодорожной отрасли.**



# НАША ГОРДОСТЬ И СЛАВА!

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан

Доброй традицией стало и то, что каждый год в эту памятную дату железнодорожники навещают своих Солдат Победы. Ветеранам уделяют знаки внимания и вручают подарки. Но самим фронтовикам важно не это. Главное, о них помнят, их по-прежнему ценят и благодарят за мир, который они подарили.

Так, волонтеры-железнодорожники, навестив фронтовиков, с большим уважением и трепетом поздравили их с праздником. Каждая встреча была наполнена теплотой, уважением и воспоминаниями. К сожалению, с каждым годом таких встреч становится все меньше. На сегодня по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» чуть более 20 ветеранов войны, 5 участников спецформирований НКПС и около 2 900 тружеников тыла.

К большой радости железнодорожников, многие из тружеников тыла и ветеранов отрасли смогли посетить праздничное собрание и концерт, организованные в центральном зале АО «НК «ҚТЖ».

– Мы гордимся нашими ветеранами, их подвиг и самоотверженность стали действительно настоящими символами доблести и патриотизма для нашего поколения. Для нас очень важно, чтобы ветераны чувствовали поддержку, знали, что мы им безмерно благодарны. Я помню, как мой дедушка, Шакир Жабагин, прошедший все фронтовые дороги, с большой радостью всегда встречал этот праздник и мечтал, чтобы его потомки никогда не видели войны, – говорит директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Сауле Истлеева.

По признанию самих ветеранов, они очень ценят, что забота о них является одним из главных приоритетов АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Департаментом социальной политики компании в эту годовщину Великой Победы разработана концепция празднования. Программа включает в себя не только тематический концерт, организованный силами работников компании, но и возложение цветов у монумента «Отан Ана», расположенного на площади «Отан қорғаушылар алаңы», торжественный обед для ветеранов войны, тружеников тыла и ветеранов отрасли, акции «Ветеран живет рядом!» и «Мәңгілік сарбаздар». На сайте компании размещены фотографии близких людей сотрудников – участников Великой Отечественной войны, который постоянно пополняется.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## *Құрметті әріптестер!*

*Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр – Жеңіс күнімен құттықтаймын! Майданда да, тылда да жауға қарсы жанқиярлықпен шайқасқан қаһармандардың жеңіс туы мәңгі желбіреп, еліміздің тұтастығы мен тыныштығын қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!*

*Екінші дүниежүзілік соғыста біздің даңқты бабаларымыз аласұрған дұшпанға тойтарыс беріп, астаң-кестеңі шыққан жарты әлемді аман сақтау үшін аянып қалмады. Ерен ерліктің, еңселі елдіктің рухын танытты. Сондықтан да бұл күн жадымызда халқымыздың қайсарлығы мен мұқалмас мінезінің айқын көрінісі ретінде сақталады. Біз кейінгі ұрпақ соғыстан оралмаған жауынгерлердің рұхына тағзым етеміз, арамызда аман жүрген ардагерлерге қарап бой түзейміз. Мұндай соғыс енді ешқашан болмасын деп тілейміз. Соғыс көрген ер тілегі, бейбіт замандағы ел тілегі осы.*

*Сол зұлмат жылдардың куәсі болған 2 908 теміржолшы бүгінде арамызда жүр. Оның 22-сі соғыс ардагері, 5-і жол қатынастары жөніндегі халық комиссариатының өкілі, 2881-і тыл – мылтықсыз майдан жауынгері. Ел басына күн туғанда қару асынып, сапқа тұрған алдыңғы буын теміржолшылардың азаматтығы, ерлігі – кейінгі толқынға үлгі-өнеге.*

*Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсіліп жатқан ұлан-ғайыр жерімізді әр заманда найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған батыр бабалар қандай да сый-құрметке лайық. Сол қаһармандардың аманатын арқалаған қазіргі сардарлар мен сарбаздар да даңқты жолды лайықты жалғастырары сөзсіз. Бірі жастық жігерін, бірі саналы ғұмырын әскери салаға арнап, күн-түн демей, ел тыныштығы үшін сапта жүрген жауынгерлеріміздің күш-қайраты сарқылмасын!*

*Құрметті жаужүрек, қайсар мінезді азаматтар! Осынау қуанышы мен қайғысы қатар жүретін мерекеде баршаңызға тіршіліктің ұзақ та жарқын, алаңсыз күндерін тілеймін. Отбасыларыңыз аман, денсаулықтарыңыз мықты болып, жақын адамдарыңыздың ықыласына бөлене беріңіздер. Еңбектеріңіз жемісті де жеңісті болғай!*

***Нұрлан САУРАНБАЕВ,***
***«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ***
***Басқарма төрағасы***

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ПОЙЫЗДА ТЕГІН ЖҮРУ АКЦИЯСЫН СОҒЫС ЖӘН ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ

**550**

РЕТ ПАЙДАЛАНҒАН.

БҮГІНГІ ТАҢДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ БОЙЫНША

**1300**

ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОР ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУҒА ЖЫЛ САЙЫН

**5,5 МЛРД ТЕҢГЕДЕН**

АСТАМ ҚАРЖЫ ЖҰМСАП КЕЛЕДІ.

## Тасымал

# ЭКСПОРТ ДЕҢГЕЙІ ӨСКЕН

**Әлемді шарпыған пандемия салдары әрқилы. Теміржолдың жүк тасымалы саласына ол айтарлықтай кері әсерін тигізе қоймаған секілді. 2022 жылдың бірінші тоқсанында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша экспортқа тасымалданған жүк көлемі 22,9 млн тоннаны құрап, өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 6% жоғарылаған.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Нұр-Сұлтан

Сонымен қатар, ҚТЖ жүк тасымалының жалпы көлемінде экспорт 35% асады. Экспорт сегментінде тас көмір басты орынға ие. Биыл бастапқы үш айда 8,9 млн тонна қатты отын сырт елдерге шығарылған, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26% жоғары болып отыр. Астық экспорты да 30% немесе 2,2 млн тоннаға дейін өскен. Жыл басынан бергі үш айда теміржол арқылы экспортқа жөнелтілетін мұнай өнімдерінің көлемі 1,1 млн тоннаны, қара металдар – 1,2 млн тоннаны, темір кені 3 млн тоннаны құраған.




Қазақстандық өнімнің ірі импорттаушылары – негізінен Ресей, Қытай және Орталық Азия елдері. Атап айтқанда, қазақстандық көмір Ресейге, Өзбекстанға, Үндістанға, Грузияға, Швейцарияға, Польшаға, Кипрге, Түркияға және басқа да елдерге жеткізіледі. Ал қазақстандық астық Өзбекстан, Иран, Ауғанстан, ҚХР, Тәжікстан, Түркия, Бельгия, Италия, Ұлыбритания және т.б. елдерге экспортталады.



**Батыр КОТЫРЕВ,**
главный инженер АО «НК «ҚТЖ» – директор департамента технической политики:

**«ОДНИМ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЭТАПОВ В ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ЦЕПОЧКЕ ЯВЛЯЕТСЯ ВНЕДРЕНИЕ НОВЫХ ВЫСОКОЭФФЕКТИВНЫХ РЕСУРСОСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ, ПРИМЕНЯЕМЫХ В ПУТЕВОМ ХОЗЯЙСТВЕ, КОТОРЫЕ ПОЗВОЛЯТ УВЕЛИЧИТЬ СРОК СЛУЖБЫ МАТЕРИАЛОВ ВЕРХНЕГО СТРОЕНИЯ ПУТИ»**

## *Уважаемые железнодорожники!*

*День Победы – самый торжественный и священный праздник для народа Казахстана, ведь война коснулась практически каждой семьи. Память о тех, кто самоотверженно сражался за освобождение нашей Родины как на огневых рубежах, так и в тылу, не меркнет и передается от поколения к поколению.*

*Поистине неоценим вклад, который внесли в приближение Дня Победы труженики железнодорожного транспорта: под обстрелами поезда эвакуировали в тыл страны население, промышленность и культурные ценности, круглосуточно восстанавливалась разрушенная инфраструктура, дни и ночи на передовую шли эшелоны.*

*Мы в вечном долгу перед ветеранами Великой Отечественной войны за бесценный подарок – жизнь и свободу! Величие совершенного ими подвига не поддается описанию, а благодарность потомков не знает границ.*

*Примите самые теплые поздравления с 77-й годовщиной Победы в Великой Отечественной войне! От всей души желаем вам крепкого здоровья, мирного неба, счастья и долгих лет!*

*Для всех нас и будущих поколений ветераны Великой Отечественной войны и труженики тыла всегда будут примером высочайшего мужества и доблести беззаветного труда и безграничной любви к Родине!*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***Председатель***
***ОО «КАЗПРОФТРАНС»***

# ПЕРВЫЙ ИЗ АЛМАТЫ В ШАНХАЙ

**С железнодорожной станции Алматы отправился первый флексипоезд Европак по маршруту Алматы – Шанхай.**

Со станции Алматы через порт Владивостока в Шанхай был отправлен первый контейнерный поезд. В его составе 93 контейнера с рапсовым маслом во флекситанках Европак производства ЭФКО Казахстан. В пути поезд пробудет 30-35 дней.

В церемонии отправки приняли участие представители ТОО «Европак Казахстан». Партнерами выступили крупнейшие транспортно-логистические компании Казахстана – Atasu Group и KTZ Express.

Алматы стал вторым городом в Казахстане, где начал действовать сервис флексипоездов Европак. Ранее они отправлялись из Кокшетау. Только в этом году сформировано более 50 поездов, в том числе свыше 30 составов проследовали напрямую в Китай через погранпереход Забайкальск – Маньчжурия.

К слову, растительные масла являются одним из самых перспективных продуктов для экспорта. Для наращивания экспорта казахстанским предпринимателям предоставлены инновационные возможности по контейнеризации груза с использованием технологии «Европак».

*Айлин БАУРЖАН*

rail-news.kz

№33-34 (2748-2749) 06/05/2022

## «БЕКЕТ АТА» ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Нұр-Сұлтан

ТРАНЗИТ

**Транскаспий халықаралық көлік бағдарын (ТХКБ) дамыту үшін Ақтау портында «Бекет ата» фидерлік кемесіне тесттік тиеу жұмыстары жүргізілді. Кеме бортында 210 контейнермен жолға шықты.**

Оның ішінде 50 контейнерді мыс тиелген жиырма футтық контейнер құраса, 58 контейнерге қорғасын тиелген және 10 контейнер мырыш тиелген жиырма футтық контейнер. Тағы 92 жиырма футтық контейнерге томат пастасы жүктеліпті.

Жүк Баку халықаралық Говсан сауда порты арқылы Грузияның Поти портына дейін, одан әрі жүктің бір бөлігі Түркияның Дериндже портына дейін жеткізілмек.

Еске сала кетсек, жақында Ақтау портына «Арселор Миттал Теміртау» АҚ бас директоры Бижу Наир аталған порт арқылы металл өнімдерін ауыстырып тиеуге оның дайындығын зерттеу мақсатында келген болатын. Қазіргі кезде Ресей Федерациясына салынған экономикалық санкциялар кәсіпорындардың өз өнімдерін өзге өткізу нарықтарына қайта бағдарлау мүмкіндігін зерттеуді, яғни біріншісі, Ақтау – Баку – Поти/Батуми – Қара теңіз бағыты арқылы Еуропаға, екіншісі, Иран арқылы транзитпен Біріккен Араб Әмірлігіне, Пәкістанға шығуды қарастыруды қажет етіп отыр. Компания айына 150-180 мың тоннаға дейін металл жөнелтуді жоспарлап отыр. Алайда, бұл көлем Ақтау және Құрық порттары арасында бөлінбек.

## ВОКЗАЛ АЛАҢЫ АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

**Арсен БАЙЗАҚ,**
Шу

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Биыл тоғыз жолдың торабында тұрған Шу вокзалының алды толық абаттандырылып, қайта жаңғыртылмақ. Оны жергілікті Шу ауданының әкімдігі жүзеге асырады.**



Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жадыра Каликовтің айтуынша, вокзал алдында тұрған субұрқақ 1989 жылы салынған екен. Отыз жылдан астам уақыт ішінде ол әбден тозып, жарамсыз күйге түскен көрінеді. Ендігі жерде ол субұрқақ алынып тасталып, орнына жасыл төсеніш төселеді. Және вокзал аумағына декоративтік ағаштар егіледі.

Шу вокзалының бастығы Шолпан Арысбаева вокзалға ары-бері өткен пойыздардың бәрі тоқтап, жолаушылардың дені осы жерден оңтүстіктің жеміс-жидегін сатып алғысы келетінін, сондықтан вокзалдағы сервис жоғары, келбеті көз тартар көрікті және заман талабына сай болғаны дұрыс дейді.

*Суретті түсірген автор*

# Теміржолшының бір күні

## КҮТІМІ КЕЛІСКЕН ЖОЛДА ҚОЗҒАЛЫС ТА ҚАУІПСІЗ

**Теміржолдың қара күші атанған жолшылар – қозғалыс қауіпсіздігіне ең жауапты тұлға. Жыл он екі ай ашық аспан астында еңбек ететін олардың әр күні теміржолдың бабын жасаумен өтеді. Біз бүгін Астана жол дистанциясының аға жол монтері Жангелді Құрманалиннің жұмысымен таныстық.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Нұр-Сұлтан



Күнделікті әдетімен жұмысына жарты сағат ерте келген Жангелді жұмыс киімін киіп, «табельныйға» бет алды. Әріптестері де жиналып қалған екен. Сағат тоғызда телім бастығы бүгінгі күннің жұмыс жоспарымен таныстырып, жарты сағат нұсқаулық өткізді. Жұмыстың бар қыр-сырына қанығып, белгі берушілер қайда тұрады, қоршау қайда қойылады, бәрін пысықтап алған жолшылар тапсырманы түсініп, танысқанын растап, журналға қол қойған соң құрал-саймандарын асынып, жұмысқа бет алды. Жангелді жұмыс істейтін №16 ауданда жол бригадирімен қосқанда 6 жұмысшы бүгінгі тапсырма бойынша №23 бағыттама бұрмасының жер төсемдерін, шіріген шпалдарын жаңартумен айналыспақ.

– Міне, көріп тұрғаныңыздай, қар мен жауын-шашыннан бойына су жиналып, шіріген шпалдарды жаңасына ауыстырып жатырмыз. Бұдан басқа күнделікті ағымдағы жол күтімі мен көктем басталғалы қыстан шыққан жолдың бабын жасаудамыз. Күн ысығанда рельс ұзарады, қыста қысқарады. Сол кезде оларды техникалық нормаға сай келтіріп сәйкестендіреміз, ақаутапқыштар анықтаған ақаулар бойынша жұмыс жүргіземіз. Күтімі келіскен жолда қозғалыс та қауіпсіз екенін әрбір жолшы жақсы түсінеді, – дейді Жангелді.

Тоғыздан аса жұмысқа кіріскен жолшылар кешкі алтыға дейін бір тынбады. Арасында 20 минут, жарты сағат – екі рет үзіліс алып, дамылдап алады екен. Ондай кезде құралдардың бәрін жолдың бойынан алып, пойыз өтуге кедергі жасамайды. 13.00-14.00 аралығында түскі үзіліске шыққан жолшылар арнайы жылыту күркесіне келіп, үйден әкелген тамақтарын ішіп, біршама демалған соң жұмыстарын әрі жалғастырды. Сағат алтыдан кейін құрал-саймандарын жинап, кеңсеге оралған жолшылар душ қабылдап, жұмыс киімдерін ауыстырып, үйлеріне жиналды.

Иә, былай қарағанда түк те қиындығы жоқ жұмыс сияқты. Бірақ сіз ғимарат ішінде, жайлы орын, жылы жерде отырғанда, олар қақаған қыс пен долы боранда, күннің аптап ыстығында аңызақ ашық далада жүріп, пойыздар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жол күтімін жасайды.

– Жолшы болуға асқан білім керек емес шығар, бәлкім, бірақ мықты денсаулық пен шыдам қажет, түсті ажырата алмайтын дальтониктер, құлағы ауыр еститіндер, қан қысымы көтеріліп немесе түсіп кететіндер мен жүрек-қан тамырларына шалдыққандар мұндай ауыр еңбекке жарамайды. Сондықтан жолшылар жыл сайын компания тарапынан тегін медициналық тексеруден өтеді, теміржол стратегиялық нысан болғандықтан олардың психикалық денсаулығы да ерекше қаралады, – дейді Жангелді.

Жолшылар жұмысының ауыр кезеңі – қар қалың жауып, бұрқасын болып, боран соғатын күндер, әрине. Ондай кезде күні-түні жұмыс істеп, жаппай кезекшілікке шығатын жолшылар пойыздар қозғалысына қауіп төнбес үшін жол бойын, бағыттағыш бұрмаларды қардан тазартып, уақытпен санаспай жұмыс істейді. Мұндай төтенше жағдайларда түнгі кезекшілікке шыққандарға айлығына үстемақы төленеді. Бірақ, суыққа ұрыну, үсіп қалу сынды тәуекелдер де жоғары. Демалыста жұмысқа шыққан адам он күн ішінде бір күн жұмыстан босатылады. Бұл ретте оның жұмыс сағаттары есептеледі.

– Жұмыста еңбек жағдайы толық жасалған. Көріп тұрғаныңыздай, «табельныйда» тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, жұмсақ диван, стол орындығымен, ыдыс-аяқ – бәрі тұр. Әрбір теміржолшы екі жылда бір рет шипажайда демала алады. Мұнда тиіп-қашып жұмыс істеп, әйтеуір күн өткізетіндерге орын жоқ. Себебі қазір ЕҚК – яғни еңбекке қатысу коэффициенті енгізілген, әрбір адам айлық жалақысы азайып қалмау үшін жұмыс істейді, – дейді аға жол монтері.

Жангелді Құрманалин Ақмола облысы Жақсы станциясында дүниеге келген екен, теміржолдағы еңбек өтілі 15 жылдан асыпты.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

СЕМИНАР

**Маңғыстау қосалқы бөлімінде еңбек қорғау күніне арнайы семинар өтіп, соңы осы бағытта ұйымдастырылған байқауларда топ жарған үздіктерді марапаттауға ұласты.**




**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Жиында еңбек қорғау, жұмыстағы қауіпсіздікті сақтау, қоғамдық инспекторлар жұмысы мен олардың міндетін атқаруға кедергі келтіретін мәселелер көтерілді. Маңғыстау қосалқы бөлімі басшысының орынбасары – бас инженер Қарақат Жақанов еңбек талаптары сөзсіз орындалу керек, дегенмен адам құндылығы, оның қауіпсіздігін ешқашан ұмытпау қажет деді. Сондай-ақ, қосалқы бөлімде өткен жыл және биылғы жылдың бірінші тоқсанында өндірістік жарақат алу деректері тіркелмегені, демек, еңбек қорғау мәселесіне жеткілікті көңіл бөлініп отырғаны айтылды.

Қазақстан теміржолшылары кәсіби одағының өңірдегі өкілі Әзірбай Тұрмағанбетов Маңғыстау жүк тасымалы бөлімі бойынша құрылған өндірістік кеңестің жұмысы туралы баяндады. Айтуынша, қазір бөлім бойынша 10 техникалық инспектор қызмет етеді. Олардың қатары осы жылы ақпанда жаңа құраммен толыққан. Аталған техникалық инспекторлардың төртеуі биыл жыл басынан бері оқытылып, біліктілігін арттырған. Қалғанын екінші тоқсан соңына дейін оқыту жоспарланған.

– Еңбек қауіпсіздігін қорғау саласында басшылардың, сала мамандарының біліктілігін тексеру, оларды оқыту, арнайы сертификат алу шаралары, оған жұмсалатын қаржы көздері ұжымдық шартпен айқындалып, нақты орындалып отыруы тиіс. Бірінші кезекте сала бойынша нұсқамалық ережелер жасау, онымен таныстыру – мекеме басшысының міндеті. Адам құқығы, оның қорғалуы жөнінде әрбір мекеме басшысы қатаң тәртіп орнатып, қауіпсіздік шараларының бұзылуына жол бермеуі қажет, – деді кәсіподақ өкілі өз сөзінде.

Семинар еңбек қорғау күніне орай өткен байқауларда сыннан сүрінбей өткендерді марапаттаумен аяқталды.

*Суретті түсірген автор*

## АДАМ ӨМІРІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ...

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

**Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде өткен дөңгелек үстелге Атырау, Ақжайық, Мақат, Сағыз, Ганюшкино және басқа да аймақтағы станциялардан пойыз құрастырушы, станция кезекшісі, вагон қараушы, пойыз жылдамдығын реттеуші, жүк қабылдап-тапсырушы, еңбек қорғау инженерлері, т.б. мамандар қатысты.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай өткен шара теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігіне арналды. Биылғы жылдың алғашқы тоқсаны бойынша Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде өндірістік жарақат алу жағдайы тіркелмеген. Еңбек жағдайы мен қауіпсіздікті арттыру бағытындағы кешенді жоспар талапқа сай орындалып келеді. Бекітілген 11 шараның барлығы жүзеге асып, қаржы толық игерілген. Станцияларда «Қауіпсіздік диалогы», «Өндірістік қауіпсіздіктің он екі негізгі ережесі», «Хенрих травматизмінің пирамидасы» тақырыптарында көрнекі жаднамалар ілінген. «Медикер» медициналық ұйымымен алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тренингтері өткен. Жазғы-қысқы арнаулы киіммен және арнайы қорғаныс құралдарымен жұмысшылар 100 процент қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда бөлімше еңбек қауіпсіздігінің сақталуы бойынша алдыңғы қатарда. Қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуге әр теміржолшының үлесі зор. Шараға қатысушылар еңбек қорғау тақырыбында әртүрлі бейнероликтер көріп, викториналық сұрақтарға жауап берді, танымдық ойындарға қатысты. «Мұның бәрі адамның еңбек қорғау ісіндегі дағдысы мен жадын жаттықтыру үшін құралдар, амал-тәсілдер» дейді еңбек қорғау бөлімінің бастығы Гауһар Бержанова.



Әр мекемеден келген түрлі маман иелері әр жағдай бойынша өз ойларын да ортаға салды. Соның ішінде арнайы киім мәселесі кеңінен талқыланды. Олардың мерзімі, қолданылуы, сапасы туралы пікірлер айтылды. Мәселен, аяқ киімнің тез тозатыны, киімнің тігісінен жыртыла беретіні, өлшемі шақ келе бермейтіні, басқа да олқы тұстары айтылды. Себебі күнделікті тұтынып жүргендіктен олар киімнің жақсы-жаманын айыра алады.

Жұмысшылардың айтуынша, жері сыз, тұзды өңірде аяқ киімнің табаны қалың болғаны дұрыс, өйткені жерден өткен ызғар аяқты тез тоңдырады және бәтеңкелер тез тозып, жыртылып қалады. Ал қонышты бәтеңкелердің жылуы мен төзімділігі жақсы шыққан. Жалпы, арнаулы киімдер сапасы жылдан-жылға жақсарып келеді, әйтсе де кемшілік те жоқ емес дейді теміржолшылар.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта өндірістегі жазатайым оқиғаларды хабарлау мобильдік қосымшалар арқылы жүзеге асатындығы да сөз болды. «Сол арқылы жұмысшылар қай жерлерде қандай оқиғалар болып жатқанын біліп отырады және ондайды өздері де хабарлап отыруы тиіс» дейді бас инженер Б.Қартан. Басқасу барысында жұмыс орнында қауіпсіздікті сақтаудың маңызы баса айтылды. «Егер өміріңе қауіп төніп тұрса, жұмысты тоқтату керек. Өйткені адам өмірі бәрінен қымбат, мүлік қалпына келеді, адам орны ешқашан толмайды» дейді мамандар.

Шара соңында еңбек қорғауда үлгілі жетістікке жеткен теміржолшыларды (пойыз құрастырушы, вагондар жылдамдығын реттеуші, жүк қабылдап-тапсырушы, еңбек қорғау инженері, т.б.) марапаттау рәсімі өтіп, кәсіподақ ұйымының қолдауымен оларға Алғыс хат пен «Технодом» дүкеніне 20 мыңдық сертификат табыс етілді. Олар: Мақат станциясының құжаттарды реттеуші операторы Қ.Баймағамбетова, аға пойыз қабылдаушы С.Әбілғазиева, Ганюшкино станциясының пойыз қабылдаушысы А.Аманов, Құлсары станциясынан пойыз құрастырушы Б.Жандарбеков сынды он-он бес жылдан жоғары еңбек өтілі бар тәжірибелі мамандар.

*Суретті түсірген автор*

№33-34 (2748-2749) 06/05/2022




# ОСНОВА ДЛЯ СТАБИЛЬНОЙ РАБОТЫ

АКТУАЛЬНО

**В АО «Самрук-Қазына» под председательством заместителя Премьер-министра РК Ералы Тугжанова прошло совещание по реализации Комплексного плана «Программа повышения доходов населения до 2025 года».**

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Нур-Султан

Во встрече приняли участие руководители центральных и местных государственных органов, представители Фонда национального благосостояния и его портфельных компаний, эксперты и общественные деятели.

В ходе совещания председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлан Сауранбаев рассказал о мерах, предпринимаемых компанией для повышения заработной платы производственных работников.

Так, с начала года зарплата производственных работников АО «НК «ҚТЖ» была повышена на 25-35%. На эти цели компания выделила 70 миллиардов тенге.

– С 1 января текущего года заработная плата по определенным специальностям была повышена на 30 и 40 тысяч тенге. По сравнению с показателями прошлого года она увеличилась на 41%. В прошлом году средняя заработная плата в ҚТЖ была ниже среднереспубликанской несмотря на то, что у нас работают высокопрофессиональные работники. В этом году мы уже стали выше на 16,5% чем среднереспубликанский и подошли к среднеотраслевому показателю. Увеличение фонда оплаты труда сильно отражается на наших экономических показателях. На одно только повышение нужно было 70 миллиардов тенге в этом году. В прошлом году у нас ушло на это 63 миллиарда, то есть всю прибыль нашей компании мы отправляем на наших работников, – сказал Нурлан Сауранбаев.

Также он отметил, что фонд заработной платы в компании составляет 331 миллиард тенге, 2/3 из которых компенсируется за счет доходов от транзита, но из-за сложившейся сегодня геополитической ситуации доходная часть компании снизилась. К примеру, транзит через Россию сократился на 43%.

– В тарифе у нас только 111 миллиардов, оставшиеся 220 миллиардов мы стараемся находить из нашей производственной деятельности, в первую очередь – из транзита. Из-за геополитической ситуации по транзиту есть определенные ухудшения, и эти доходы могут не поступать. Поэтому мы будем обращаться к Правительству, чтобы в тариф этого года включили расходы по заработной плате, хотя бы часть из того, что мы покрывали из транзита. Это примерно около 90 миллионов тенге, – добавил Нурлан Сауранбаев.

В свою очередь Ералы Тугжанов подчеркнул важность не только повышения доходов простых рабочих, но и создания благоприятных условий труда.

– Монтеры пути, бригадиры пути, осмотрщики, дежурные по железнодорожным разъездам, проводники, электромеханики – все они составляют группу работников АО «Самрук-Қазына», и наша цель – создать благоприятные условия для них. По последним данным, монтер пути 3-го разряда в 2020 году получал 132 тысячи, в 2021-м – 168, на март 2022 года – 220 тысяч тенге, то есть это уже конкретный показатель заработной платы, – подчеркнул он.

На сегодняшний день в АО «Самрук-Қазына» трудятся 258 тысяч человек, из них 92,4% – производственные работники. По состоянию на 1 апреля 2022 года заработная плата производственного персонала в разных портфельных компаниях Фонда повышена от 5 до 48% с акцентом на низкооплачиваемые должности.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ПОДБОР КАДРОВ – В ОДНОЙ СИСТЕМЕ

HR

**В АО «НК «ҚТЖ» внедряется автоматизированная система рекрутинга. С 3 мая началось поэтапное подключение к ней филиалов Дирекции магистральной сети и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Благодаря новой системе поиска и подбора персонала, разработанной командой департамента управления человеческими ресурсами совместно с Корпоративным университетом «Самрук-Қазына», значительно сократятся сроки закрытия вакансий.

До настоящего времени заявки от каждого подразделения группы компаний ҚТЖ отправляли по электронной почте, и каждый рекрутер в рабочем режиме обрабатывал их. Теперь же все заявки будут отправляться в Автоматизированую систему рекрутинга, в ней же опубликовываться, интегрироваться с job-порталами Enbek.kz и Qsamruk.kz, там же кандидаты будут проходить оценочные процедуры. То есть весь процесс поиска и подбора персонала «зашит» в одной системе – на сайте job.railways.kz.

– Автоматизированная система рекрутинга – современное решение, которое позволит оптимизировать рутинные процессы поиска и подбора персонала в компании, – отметила директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Сауле Истлеева. – С 1 марта 2022 года работе в системе обучены 316 сотрудников кадровых служб сетевого, регионального и линейного уровней, в том числе и дочерних организаций, а также ответственные работники центрального аппарата компании.

На этой неделе, с 3 мая, началось поэтапное подключение к системе филиалов Дирекции магистральной сети и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», а к 10 июня текущего года планируется подключение дочерних организаций. Всю группу компаний АО «НК «ҚТЖ» к системе подключат до конца июня.

БЕЗОПАСНОСТЬ

**Внеплановую проверку по соблюдению правил пожарной безопасности стационарных объектов ДС, ПЧ-17 (15-й район), ТЧЭ-11 станции Нур-Султан-1 провела комиссия под председательством главного инженера – директора департамента технической политики АО «НК «ҚТЖ» Батыра Котырева. По ее итогам выявлено 18 отступлений от норм пожарной безопасности.**

# ПРЕДВИДЕТЬ РИСКИ

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

По словам специалистов, за последнюю декаду апреля участились степные пожары по северному региону с переходом на полосу отвода из-за отсутствия опашки, из-за сухой травы и сухостоя в полосе отвода в НЖС Павлодар и Караганда.

По НЖС Караганда произошло три пожара в полосе отвода, из них два – по станции Караганда-Сортировочная, что показывает слабую подготовку к пожароопасному периоду на станциях.

В связи с этим главным инженером компании Батыром Котыревым проведена внеплановая проверка узла Нур-Султан. В том числе осмотрены сортировочный парк, участки ПЧ-17, пост ЭЦ, ТЧЭ-11.



– Подобные внеплановые проверки позволяют оценить ситуацию и провести профилактику на перспективу. В частности, состоялась проверка нарушений норм и правил пожарной безопасности в соответствии с Законом Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года «О гражданской защите» и Правилами проведения профилактических работ по пожарной безопасности на железнодорожном транспорте. Ведь обеспечение безопасности любых работ имеет большое значение, особенно на железнодорожном транспорте, – отметил Батыр Котырев.

По окончании проверки даны соответствующие рекомендации по проведению обязательных мероприятий и приведению хозяйств к нормам оборудования зданий, помещений и сооружений системами автоматической пожарной сигнализации, автоматическими установками пожаротушения и оповещения людей о пожаре.

Даны поручения помощнику начальника станции Нур-Султан по безопасности Данияру Айтмагамбету на еженедельных докладах ко дню проверки начальником станции сообщать о принятых мерах по повышению уровня пожарной безопасности по узлу Нур-Султан. К примеру, рекомендовано на постоянной основе очищать территории от мусора, сухостоя и других отходов. Все поручения главного инженера на рабочем контроле.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## НАЧНИ С СЕБЯ

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

ПРАВОПОРЯДОК

**Комиссия в составе директора Карагандинского отделения ГП Марлена Кокрекбаева, заместителя акима города Караганды Мейрама Кожухова на служебной дрезине АСЭ-1 №952 объехала железнодорожное полотно, расположенное в черте города, с целью его осмотра относительно санитарного состояния.**



Во время поездки из окон самодвижущейся тележки то и дело наблюдалась удручающая картина – горы строительного мусора, использованная бумага, различные бытовые отходы, сухие ветки, стеклянные и пластиковые бутылки.

Весь этот мусор принадлежит владельцам гаражных кооперативов и частных предприятий, но зачастую его хозяевами являются и жители, а также пассажиры, выкидывающие мусор из окон вагонов.

По словам Марлена Кокрекбаева, необходимо вынести предложение по наложению штрафов загрязняющим окружающую среду. На сегодняшний день это глобальная проблема современности, которая регулярно обсуждается в новостях и научных кругах.

– Согласно статистике, города-спутники Темиртау, Балхаш и Караганда по валовым выбросам в атмосферу вредных веществ занимают 4-6 места среди городов СНГ и лидирующие в Казахстане. В свою очередь представители власти считают, что людям необходимо начать с себя – соблюдать чистоту, сортировать мусор с учетом его происхождения и пригодности, участвовать в субботниках по очистке территорий.

*Фото автора*

## СЕКУНДЫ НА РЕШЕНИЯ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

УЧЕНИЯ

**Пожарно-тактические учения по условному тушению возгорания в спецподвижном составе ЭЧ-16 прошли в пожарных подразделениях станции Кушмурун.**

Для ликвидации возгорания были стянуты имеющиеся силы: пожарный поезд станции Кушмурун, подразделения ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области и формирования звеньев гражданской защиты станции Кушмурун.

По тактическому замыслу, условный пожар произошел в кабине спецподвижного состава вследствие короткого замыкания. Сотрудники станции позвонили на пункт связи, и через несколько минут пожарные прибыли на место возгорания. Всего было задействовано 14 человек и одна автоцистерна. Сотрудники поезда для бесперебойной подачи воды проложили магистральную линию и подали два ствола с водой на тушение огня. В свою очередь пожарные вынесли пострадавшего из кабины машиниста. Вскоре возгорание было ликвидировано.

– Цель учений – отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, АО «НК «ҚТЖ», обучение наших огнеборцев оценке обстановки пожаров в подвижном составе, определению решающего направления, организации тушения огня в сложных условиях и управлению личным составом при работе в боевой обстановке, – отдав указания, поясняет начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев.

## БОРЬБА СО СТИХИЕЙ

**Жанара ЖУСУПОВА,**
Павлодар

ЧП

**В Павлодаре снова горели дачи. Пожар вспыхнул в пяти дачных обществах. В тушении огня принимала участие и противопожарная служба Павлодарского отделения магистральной сети.**

В общем огненная стихия охватила 60 гектаров в дачном массиве. Пострадало 327 участков. На пепелище пожарные нашли обгоревшее тело человека. Быстрому тушению пожара мешал штормовой ветер.

В 11.52 в ДЧС Павлодарской области поступило первое сообщение о пожаре в дачных садоводствах «Надежда» и «Восточный». Горело 20-30 дачных домиков, сухой травы на площади – ориентировочно 10 гектаров, сообщили в пресс-службе ДЧС по Павлодарской области.

В ликвидации участвовали 61 сотрудник и пять единиц техники ДЧС, три работника пожарной службы АО «Алюминий Казахстан», от отделения магистральной сети был выделен пожарный поезд, дополнительно направлены силы МИО для подвоза воды.

– На вызов выехали начальник поезда и весь караул, это шесть человек. Заправляли водой пожарные машины, – сообщил начальник противопожарной службы Павлодарского отделения магистральной сети Мергалим Кибашев.

В итоге огненная стихия уничтожила постройки в дачных садоводствах «Надежда», «Восточный», «Энтузиаст», «Строитель», «Северный».

Напомним, по отделению имеются три пожарных поезда, которые дислоцируются на трех крупных станциях: Павлодар, Екибастуз и Ерейментау. Они состоят из одиннадцати единиц подвижного состава, куда входят вагон-насосные станции, вагон-гаражи, две цистерны с водой по 50 кубов и пожарная автомашина.

№33-34 (2748-2749) 06/05/2022

# МАНЧЖУРИЯ МАЙДАНЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРІ

**Ұлы Отан соғысының ардагері Базарбай Бұрбаев туған жері Жамбылдан майданға аттанғанда он сегіз жасқа енді толған бозбала еді. Бұл 1942 жыл болатын. Жапониямен шекаралас Манчжурияда орналасқан миномет полкінің 393-ші әскери бөліміне түскен жас сарбаздың бес жылға созылған жауынгерлік өмірі осылай басталады.**



**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Содан бері, міне, аттай 80 жыл өтіпті. Алла бұйыртса, қарт жауынгер 2022 жылдың 10 желтоқсанында 98 жасқа толмақ. Оның есімі Ұлы Отан соғысына қатысқан жамбылдық Отан қорғаушылардың құрметті жазбасы – «Ардагерлер» кітабына енгізілген. Онда миномет полкінің жауынгері Базарбай Бұрбаевтың Мукден іргесіндегі соғыста Харбин қаласын азат етуге, сондай-ақ, Хинган тау жотасында әскери іс-қимылдарға қатысқаны жазылған. Жас минометші маңызды да құпия операцияларға қатысып, жауынгерлік антына адалдықпен соғысқан. «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ерлігі мен қайсарлығы үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Кеңес жауынгерінің майдандағы жолы сол кездегі саяси жағдайларға байланысты Манчжурияда 1947 жылға дейін жалғасыпты. Қазақстанға оралған соң Жамбыл локомотив депосына жұмысқа орналасып, қырық жыл машинист болып жемісті еңбек етеді. «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталған абыройлы теміржолшы болды. Бүгінде Жамбылдағы жалғыз теміржолшы майдангер бес ұл, екі қызынан 11 немере, 4 шөбере көріп отыр. Ортаншы ұлы Қанаттың қамқорлығында отырған қария көзі көрмей, құлағы жөнді естімейтіні болмаса, ақыл-есі дұрыс, өздігінен жүріп-тұрады.



Базарбай атамыздың еліне, жеріне, Отанына тілейтін бір ғана тілегі бар. Ол – бейбітшілік. «Бүгінгі, ертеңгі ұрпақ соғысты көрмесін, зардабын сезбесін! Бейбіт өмірде елге, жерге қызмет етіп, тер төккеннен артық не бақыт бар?! Ұрпағымыз бақытты ғұмыр кешсін. Сонда мемлекет те өркендейді, халық та бақуатты күн кешеді», – дейді Манчжурия майданының қарт жауынгері.

*Суретті түсірген автор*

# АРДАГЕРДІҢ АМАНАТЫ

**Ұлы Жеңістің 77 жылдығына аман-есен көзі тірі жеткен Исамахаммед Ахметов биыл 95 жасқа аяқ басты. Қазір қарияның, өкінішке қарай, құлағы да естімейді, көзі де көрмейді. Соңғы 20 жылда қызы Зебинисаның шаңырағында тұрып жатыр. Екі жыл бұрын қосағы Малика Ғафурқызы дүниеден өтіпті.**



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Шымкент

Атамыздың айтуынша, соғысқа соңғы жылдары араласқан. Бірнеше айдан соң кеңес әскері жеңіске жетіп, сұм соғыс аяқталады. Атамыз елге аман-есен оралып, теміржол саласында аттай елу жыл еңбек етеді. 1941 жылы әкесі Рсымбет майданға аттанады. Приморье өлкесінде жаумен шайқаста жарақат алып, елге қайтады. Үш ай емделген соң қайтадан соғысқа аттанып, сол жақта ерлікпен қаза тапқаны туралы «қара қағаз» келеді.

– 1941 жылы Шымкенттегі паровоз жөндейтін депоға жұмысқа тұрдым. Соғыс кезі болғандықтан теміржолда тасымал мен қатынас үздіксіз жүріп тұрды. Жұмысымыз ауыр еді. Әкем соғысқа алынып, анам бес баламен жалғыз қалды. Үйдің үлкені болғандықтан жатпай-тұрмай жұмыс істедім. Демалыс дегенді білмедік, таңда келіп, түнде қайтатынбыз. Сол кездері біздің әрбір еңбек күніміз майдан даласындағы жауынгерлерге көмек деп білдік. Бәріміз жасымыз жетіп майданға аттанып, жаумен соғысуды армандадық, – деп еске алады Исамахаммед қария.

Соғыстан кейін жеңіспен елге оралған соң депода жұмысшы, аға шебер, ауысым шебері, вагон қараушы, диспетчер сияқты түрлі еңбек сатыларынан өтеді. Қызы Зебинисаның айтуынша, Исамахаммед ата жасы тоқсанға келгенше үйде отырмаған адам екен. Зейнетке шыққан соң Шымкент қаласындағы «Көл» базарында автокөліктерге қажетті қосалқы бөлшектер сатумен айналысқан. Тек соңғы жылдары жүріп-тұруы қиындап, көзі көруден, құлағы естуден қалған соң сыртқа шығуды қойған. Ардагердің ұрпаққа аманаты – бүгінгі бейбіт күнді сақтап қалу.

Айта кетейік, Түркістан облысы бойынша бүгінгі таңда көзі тірі 22 ҰОС ардагері бар, соның ішінде Шымкент қаласында 7 ардагер бар. Біреуі – теміржолшы Исамахаммед қария.

*Суретті түсірген автор*

# СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ

**Ғасырға жуық жасаған Ұлы Отан соғысының санаулы ардагерлерінің бірі, елорда тұрғыны Жүнісбек Кәрімовтің есімі көпке таныс. Он сегіз жасында туған жері Ақмола облысының Қажымұқан ауылынан соғысқа аттанған ол – Берлинге дейін барған жеңіс жауынгері.**



**Райхан РАХМЕТОВА,**
Нұр-Сұлтан

Биыл 96 жасқа келген ардагер 1944 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, үш айдай Алматыда соғысқа дайындықтан өткен соң майданға аттанып, кескілескен ұрысқа кіріп кете барады. 1945 жылы Берлин түбіндегі жан алып, жан берісken қан майданға қатысып, кеңес әскері құрамында қалаға алғашқылар қатарында кіреді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген рас сөз, менің маңдайыма жаратқан осынша қатал тағдырды жазса да, соның бәріне шыдауға төзім мен ұзақ ғұмыр беріпті. Кешегі сұрапыл соғыста жараланған кезде де аман қалып, осынша ғұмыр сүремін деп ойламадым. Келер ұрпақ мұндай соғысты көрмесін деп тілегімізді айтып жүреміз. Еліміздің жастары, бүгінгі ұрпақ сол соғыста көз жұмған батыр бабаларын ұмытпауы керек, себебі бұл – тарих, әрі халқымыздың Отан алдындағы адалдығы мен патриоттығы үлгі болуға тиіс» дейді Жүнісбек ата.

Ардагер соғыстағы ерлігі үшін 1, 2 дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Маршал Жуков» және «Ерлігі үшін», т.б басқа да көптеген мерейтойлық медальдармен марпатталған.

Соғыстан кейін авиациялық училищеге оқуға түсіп, Белоруссиядағы ұшақ жөндейтін зауытта инженер-электрші болып жұмыс істейді. Ардагерге тек 1951 жылы елге оралуға рұқсат етіледі. Ақмолаға келген соң 40 жылдан астам уақыт теміржол саласында еңбек етеді. Бүгінде елордада тұратын қария жасы ғасырға таяса да тың, сергек ойлы, газет-журнал оқиды. Бірнеше жыл бұрын жарты ғасыр серігі болған өмірлік қосағы дүниеден өткені картты күйретіп кеткені рас, жалғыздығы жанына батса да тағдырына налыған емес, келер ұрпаққа ғибрат айтып, батасын беріп ғұмыр кешуде.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ОТТЫ ЖЫЛДАР ЕЛЕСІ...



**Кешегі сұм соғыстың арамызда жүрген көзі тірі куәгері, семейлік қарт майдангер Дмитрий Литвиненко – Семей темір жолына еңбегі сіңген қарт теміржолшы.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Бүгінде жасы жүзге аяқ басса да әлі тың, әңгімені де жақсы айтатын, қазақ тілінде де мақалдап, майын тамызып сөйлейтін қарияны биыл да Жеңіс күнімен құттықтауға асықтық. Семейдің орталығында, қызының қолында тұратын Дмитрий Лазаревич күн ұзаққа үйде жалғыз болғандықтан ба, қонақ келсе балаша қуанады екен. Есікті өзі ашып, құрметпен қарсы алу – жылдағы қалыптасқан дағдысы. Бұл жолы да солай болды.

Өңіріне Қазақстан туы түстес көгілдір жеңіс лентасын таққан қарттың денсаулығы мығым екен. Жеңістің 77 жылдығымен құттықтай келген жандармен әңгіме-дүкен құрып, жадырай сөйлесті.

Соғыс даласында түскен жастық шағындағы фотосуреттерін көрсетіп, сол бір сұрапыл жылдарды, ұрыс даласында бақилық болған қимас қаруластарын еске алды. Сондай-ақ, теміржол саласында тер төккен жылдарын, әріптестерін де еске алды.

Дмитрий Лазаревич 1944 жылдың аяғына таман 17 жасында соғысқа аттаныпты. Ең алдымен Ташкент қаласында қысқа мерзімдік әскери даярлықтан өтіп, өртке оранған майдан даласына әскери эшелонмен жетеді. Сөйтіп, жаяу әскерлер сапында батыс Еуропаны, Украина мен Польша жерін гитлершіл басқыншылардан тазартуға қатысады.

– Сұм соғыстың соңына таман барсам да, нағыз қан-қасаптың ортасына түстім. Барынша жанталасқан фашистер қатты қарсылық көрсетті. Мен оқ пен оттың ортасында байланысшы болдым. Бұл өте жауапты жұмыс еді. Ұрыс уақытында штабпен байланысты жоғалтудың өтемі өте ауыр. Шығыс Еуропа елдерін жаудан азат ете жүріп, осы қызметтің қыр-сырына әбден қанықтым. Сөйтіп, бейбіт өмірге оралған соң байланысшы болуға шешім қабылдадым. Осылай, сол заманда қатаң тәртіпке негізделген, әскерилендірілген сала теміржолға қызметке келдім. Майдан даласындағы қалыптасқан кәсіби дағдым зейнеткерлікке шыққанға дейін өзгерген жоқ, – дейді бұл орайда қарт майдангер өз өмір жолы жайында сыр шертіп.

Бүгінде Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша қалған жалғыз көзі тірі майдангер Дмитрий Лазаревич ұзақ жылдар бойы ШЧ-29 мекемесінде, байланыс саласында абыройлы еңбек етті.

Биыл екі соғыс ардагері арамыздан кетті. Теміржол саласына ғұмырының 44 жылын арнаған Әнуарбек Әбділдаұлы жуырда 90 жастан асқан шағында дүниеден өтсе, Балтық теңізінің қаһарман теңізшісі атанған Кәмкетай Байыров 96 жасқа қараған шағында бақилық болды...

*Суретті түсірген автор*

# ОН СЕГІЗДЕ ОТ КЕШКЕН

**Оңтүстікте тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері, Құрметті теміржолшы Қалмен Мұратов биыл 98 жасқа толды. Жеңіс күні қарсаңында ұрпақтарына хабарласып, ақсақалдың хал-жағдайын білдік.**



**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

Бүгінде Бадам станциясында тұратын Қалмен ақсақал тамырын тереңге жайған алып бәйтерекке айналған. Қариядан 6 ұл мен 2 қыз тарап, солардан бүгінде 32 немере, 10 шөбере сүйіп отыр екен.

1942 жылы 8 класты бітірген 18 жасар бозбала әскер қатарына шақырылады. Алдымен Аягөз станциясында курста 6 ай оқып, сержант шенін алады. 1943 жылдың қазан айына дейін сол станцияда Сергиополь қалашығында солдаттарды соғысқа даярлау, оқу-жаттығу курсынан өтеді. Сосын ғана батысқа аттанып, Беларусь майданында соғысқа кіреді. 1944 жылы Витебск қаласының маңында болған ауыр шайқаста сол қолынан жараланып, госпитальға түседі. Осы соғыста көрсеткен ерлігі үшін бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапаттады.

Соғысты жеңіспен аяқтап, «1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалін өңіріне тағып елге оралған майдангер Арыс вагон депосына бас кондуктор болып жұмысқа орналасады. Осы қызметте 1984 жылы зейнетке шыққанға дейін тапжылмай еңбек етеді. Соғыста алған марапаттар қатарын «Құрметті теміржолшы» белгісі, «Құрмет белгісі» ордені мен «Еңбек ардагері» медалі толықтырып, бүгінде ұзақ жылғы бейнетінің зейнетін көруде.

Алайда қарияның ұлы Батыр соғыс ардагеріне лайықты деңгейде көңіл бөлінбейтінін айтады. «Мереке қарсаңында ғана 30-40 мың теңге береді, басқа уақытта ешқандай көмек жоқ. Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде үй де, жер де берілген емес» деген баласы жүзге жақындаған қария сый-құрметтен қағылып отыр деген назын жеткізді. Ақсақалдың денсаулығы бір қалыпты, үйге өзі кіріп-шығады.

*Суретті түсірген автор*

**Ұлы Отан соғысы кезінде фашистік концлагерьлерде 20 миллионнан астам адам тұтқында болған. Олардың 2 миллионға жуығы балалар еді. Солардың бірі атыраулық Екатерина Абсатырова ол кезде небәрі он жаста екен. Биыл жасы тоқсан бірге шыққан кейуана сол бір азап пен тозақта өткен балалық шағын өкінішпен еске алады...**

# КОНЦЛАГЕРЬДІҢ КІШКЕНТАЙ ТҰТҚЫНЫ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



Екатерина Серафимовна 1931 жылы Мордова АССР-ның Первомай деревнясында дүниеге келген екен. 1939 жылы фин соғысы басталғанда Финляндия территориясының бір бөлігі СССР-ға қарай ығысады.

– Сол кезде финдер үйлерін тастап көшіп кетті. Жер де, тұрғын үй-жай да иесіз, қаңырап бос қалды. Осы уақытта сырттан жалдап алушылар келіп, бізді өздерімен бірге тұрып, шаруашылықпен айналысуға шақырды. Отбасында 9 бала, әке-шешем және әжем, барлығы оннан астам адам болатын. Сөйтіп, бүкіл отбасымызбен сол жаққа қоныс аударып, еңбек етіп, тұрмыс кешіп жатқанбыз. 1941 жылы неміс-фашист басқыншылары Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуылдап, Ұлы Отан соғысы басталғанда әлгі үй-жайларын тастай қашқан финдер кері оралды. Олар бізді отырған үйімізден қуып шықты. Бір сәтте баспанамыздан айырылып, далада қалған, біз сияқты босқындардың бәрін тұтқынға алды, – деп күрсіне есіне алды Екатерина Серафимовна.

Басқыншылар бұларды Германияға айдап әкеткен жоқ. Үлкен-кіші демей барлығын жақын маңдағы концентрациялық лагерьлерге жөнелтті. Олардың отбасы Финляндияның астанасы Хельсинки қаласының маңындағы Юрокко лагеріне түсті. Осылайша, он жастағы Катя үшін тікенек сымmen қоршалған концлагерьдегі азапты күндер басталды. Еркіндігі мен азаттығынан айырылған тұтқындарға ешқандай аяушылық жоқ еді. Ересектермен бірдей балалар да ашқұрсақ жүретін, күзетшілер оларды сәт сайын ұрып-соғатын. Аяқ астынан кінә тағып, азаптап, ойларына келгенін жасайтын. Ұл-қыз деп бөлмей, қорлықтың да небір түрін көрсететін. Осындай тозақпен бірдей тірлікті біздің кейіпкеріміз де бастан кешірді. Татар дәмі, көрер жарығы таусылмағаны шығар, үш жыл үш ай дегенде концлагерьдегі тозақтан бостандыққа шықты. Кеңес әскерлері тірі қалған тұтқындарды еркіндікке жіберді. Соның алдында ғана ату жазасына кесілгендер ажалы жетпей аман қалды. Олардың ішінде 14 жасар Катя да бар болатын.

Содан кейін асханада аспаз, ауруханада санитар, басқа да әр түрлі жұмыстар жасап, соғыс біткенше едәуір есейіп қалған Екатерина Гурьевтегі Ганюшкино жетімдер үйінде өскен, сондағы поселкеден соғысқа алынған қазақ солдаты Абсатыров Вагаф (Уап) деген жігітпен танысып, екеуі көңілдері жарасып, қосылады. Біраз жыл Сібірде тұрып қалады. Шаңырақтарында Лидия және Анатолий есімді ұл мен қыз дүниеге келеді. Тек 1968 жылы, арада ширек ғасыр уақыт өткесін ғана олар отбасымен Қазақстанға, Атырауға оралады. Бүгінде Екатерина Серафимовна қызының қолында Атыраудағы Нұрсая ықшам ауданында тұрып жатыр. Ал Анатолий отбасымен Украинада қоныстанған.

Күйеуінің фамилиясына көшкен Абсатырова Екатерина Атырау локомотив депосына қарасты машинистердің демалыс үйінде кезекші болып еңбек етіп, содан зейнеткерлікке шыққан. Ол фашист концлагерінің кәмелетке толмаған тұтқыны ретінде Ұлы Отан соғысы ардагеріне теңестірілгендер қатарына жатады және барлық жеңілдіктерге ие. Бүгінде Атырау өңірі бойынша теміржолшы соғыс ардагерлерінен қалған көзі тірі жалғыз адам.

*Суретті түсірген автор*

№33-34 (2748-2749) 06/05/2022

**9 Мая – особый праздник для ветеранов Великой Отечественной войны, заслуженных железнодорожников из Костанайского региона. У каждого из них было общее начало жизненного пути – окопы самой большой войны в истории человечества. И всех их в послевоенное время связал общий труд – работа на железной дороге.**

# МЫ ПОМНИМ!

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай



Жизненный путь Виктора Малыгина был тернистым. В 1943 году семнадцатилетним мальчишкой он добровольцем ушел на фронт. Служил в войсках тяжелой артиллерии, участвовал как в оборонительных боях, так и в наступлении. Повидал многое, терял фронтовых товарищей, видел сожженные деревни. Очень многое пришлось пережить Малыгину на войне, но ему удалось дожить до Победы, которую он встретил в Берлине. Боевой путь фронтовика отмечен орденами Славы III степени, Отечественной войны II степени, медалью «За победу над Германией». Вернувшись в родной город, устроился в Костанайское локомотивное депо. Работал машинистом сначала паровоза, затем электровоза, тепловоза. В 1980 году вышел на заслуженный отдых. Всю жизнь трудился Виктор Михайлович добросовестно, как и воевал. Поэтому его и сегодня помнят и ценят в компании.

Ветеран Великой Отечественной войны Михаил Погорелов родился в 1927 году и на фронт ушел в 1944-м семнадцатилетним мальчишкой. Прошел сквозь огонь и свинцовый ливень, а свидетельством достойно исполненного долга стал орден Отечественной войны II степени. Повидал на войне он многое, но выжил и в 1945 году вернулся домой. Успешно влился в мирную жизнь, работал на железной дороге. Начал свой трудовой путь в Костанайском эксплуатационном вагонном депо. И здесь работал достойно, за что был награжден медалью за доблестный труд. Также Михаил Александрович многократно награждался юбилейными медалями.

Другой фронтовик из Костанайского эксплуатационного вагонного депо – Андрей Шаров. Он родился в 1926 году. На фронт попал в 1943-м, в самый разгар войны. Участвовал во многих битвах, прошел через всю Украину, освобождал Европу. За подвиги был удостоен ордена Отечественной войны II степени, медали «За освобождение Украины» и других наград. Воевал Андрей Яковлевич до самого окончания войны и оставался служить в армии вплоть до 1950-го. А после демобилизации стал трудиться на железной дороге, в Костанайском эксплуатационном вагонном депо, где стал одним из передовиков производства.

Еще один ветеран Великой Отечественной войны – Аркадий Краев. В 17 лет он ушел на фронт. Воевал в пулеметно-артиллерийских войсках. После победы над Германией участвовал в войне с Японией. Домой вернулся в 1950 году. За боевые заслуги награжден орденом Отечественной войны II степени, медалями «За победу над Японией», орденом Трудового Красного Знамени. По возвращении из армии стал работать в Костанайском локомотивном депо, откуда ушел на заслуженный отдых.

Таков жизненный путь фронтовиков-железнодорожников из Костанайского региона, встретивших нынешний День Победы.

*Фото автора*

# ОНИ ВОЕВАЛИ ЗА НАС

**В рамках празднования Дня Победы руководство филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» совместно с представителями профсоюзного комитета и Совета по делам молодежи посетили участников Великой Отечественной войны.**

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда



По словам директора филиала Марлена Кокрекбаева мероприятие прошло в рамках акции, приуроченной к 9 Мая. Активисты навестили Григория Степенко и Евгения Набокова.

Евгений Набоков после войны работал сапером и был приравнен к ветеранам. Как известно, фашисты оставили на советской земле большое количество складов с артиллерийскими боеприпасами, которые подлежали разминированию. Саперы также регулярно выезжали и очищали местность от мин.

В 1967 году на счету Набокова было 2 500 обезвреженных взрывоопасных единиц. Только саперы знают, что кроется за этой цифрой – сотни пройденных километров, десятки кубометров выброшенного грунта, это мозоли на руках. После службы в армии Евгений Набоков вернулся в родное депо, 41 год проработал на железной дороге. Сейчас он на заслуженном отдыхе. Никто из коллег даже не подозревал, что бок о бок трудится с легендарным сапером. Сам он в силу своей скромности никогда не рассказывал о подвигах, которые когда-то совершил.

Сейчас на примере Евгения Дмитриевича учатся молодые железнодорожники. Они хотят быть похожими на него, учатся профессионализму на службе.

Григорий Степенко принимал участие в освобождении страны от фашистских захватчиков. Именитый ветеран едва сдерживает слезы, когда вспоминает о пережитом военном времени. В ноябре 1942 года он был призван Лозовским райвоенкоматом в действующую армию. Григорий Петрович до мельчайших подробностей помнит о том, как воевал и как хоронил своих боевых товарищей. С его слов, смерти бояться нельзя, иначе мысли материализуются, и она непременно настигнет тебя.

– Во время боевых действий со свистом пролетали пули, гремели снаряды, на моих глазах гибли товарищи, с которыми час назад шел в наступление. Все это надо было пережить, – вспоминает Григорий Степенко. – Во время боя на Курско-Орловской дуге мне присвоили звание сержанта и за смелость вручили медаль «За отвагу».

Ветеран освобождал города Белгород, Орел, Харьков, Курск. Григорий Петрович принимал участие в форсировании реки Днепр со стороны Киева, воевал за Кенигсберг и Варшаву. Во время освобождения Кенигсберга получил контузию.

В послевоенное время Григорий Петрович работал в колхозе, а в 1950-м по путевке поехал на работу в шахтерскую столицу. Несколько лет трудился на цементном заводе в поселке Компанейске. В 1981 году ушел на заслуженный отдых.

Представители филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» и профсоюзного комитета вручили ветеранам продуктовые корзины и памятные подарки.

*Фото автора*

**В этом году ветеран Великой Отечественной войны Василий Григораш отметил 96-летие. Больше половины своей жизни он посвятил стальной магистрали, а именно родному локомотивному депо, которое вспоминает с особой теплотой.**

# ДОСТОИН ПОЧЕТА И СЛАВЫ

**Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар



Сейчас ветеран испытывает проблемы со слухом, он практически не слышит. Но несмотря на возраст, ухудшающееся здоровье и любимых помощников – внуков и правнуков, Василий Григораш старается сам вести хозяйство в доме, так как не привык сидеть без дела, любит быть в движении.

– Мы ему говорим, что сами все сделаем, отдыхай, но человек он старой закалки. Сейчас, например, хочет покопаться в огороде, – с улыбкой рассказывает дочь фронтовика Надежда Васильевна. – Он у нас большой специалист по приготовлению вкусного борща. Однажды пришли с улицы, а дома такой запах стоит! Всех всегда накормит!

Когда началась война, Василию Григорашу было всего 17 лет. В 1943 году его призвали в ряды Красной Армии. Он воевал в составе 293-й дивизии Забайкальского военного округа. В столь юном возрасте стал свидетелем страшных испытаний.

– Помню, что каждый день бомбили, погибали боевые товарищи. Питание в то время было плохое, в мороз приходилось есть сырую картошку, – рассказывал в одном из своих интервью журналистам ветеран.

Василий Иванович имеет орден Великой Отечественной войны II степени, медаль «За победу над Японией».

В 1951 году приехал в Павлодар и поступил на работу в локомотивное депо кочегаром. Спустя время окончил в Караганде Дорожно-техническую школу, освоив профессию машиниста. В его трудовой книге только одна запись. Город на Иртыше он полюбил всем сердцем, в Павлодаре встретил свою судьбу. С супругой Аграфеной Осиповной воспитал двоих детей, четырех внуков и пять правнуков.

*Фото Алибека ДЖЕНАЛИНОВА*

# ПРИКАЗАНО ВЫЖИТЬ

**Накануне праздника Победы железнодорожники Защитинского узла поздравят своего ветерана Великой Отечественной войны Василия Снегура. В этом году ему исполнилось 95 лет.**



**Ольга УШАКОВА,**
Оскемен

Как сообщил председатель профсоюзного комитета по узлу станция Оскемен-1 Семейского отделения грузовых перевозок Берикхан Тлеужанов, они посетят Василия Снегура 6 мая. Кроме того, в АО «НК «ҚТЖ» на каждого участника войны выделили по 20 МРП.

Сейчас, в связи с грозными событиями в мире, некоторые силы пытаются осквернить память о войне, исказить историю. Это просто недопустимо. Мы все должны помнить, что сделали для нас наши деды и прадеды – представители всех национальностей, населявших огромную страну, и их подвиг не подлежит сомнениям и ревизии. Василий Снегур в силу молодого возраста и того, что был призван на фронт в 1945 году, не стал участником основных военных сражений, которые к тому времени уже перешли в Европу. В мае того года его с другими молодыми курсантами, окончившими, как и он училище под Новосибирском, уже посадили в вагоны для отправки на западный фронт, но тут пришла радостная новость, что Советский Союз вместе с союзниками одержал победу над гитлеровской Германией. И Василия Снегура направили на Дальний Восток воевать с милитаристской Японией, которая была ее сателлитом.

Конечно, престарелый ветеран уже многого не помнит, он тяжело болен. Несколько лет назад, когда руководство и Совет ветеранов бывшего Восточно-Казахстанского отделения дороги собирали информацию для издания книги о своих участниках войны, Василий Снегур рассказывал, что узнал войну по-настоящему ночью 3 августа 1945 года, когда солдат подняли по тревоге. Выдав им оружие, необходимую амуницию, повели строем к рубежам СССР. То тут, то там гремели взрывы, тряслась земля, летали военные самолеты. Когда советские воины пересекли границу с Монголией, трое суток шли по пустыне, почти без воды. Но, когда полк подошел к речке, его обстреляли. Так начался первый бой.

Войска, в которых служил Василий Снегур, воевали на Большом и Малом Хингане, округах Цицикар, Первом, Втором Таане. На родину он вернулся только в конце 1945 года, но потом еще семь лет служил в Вооруженных силах.

Позже сменил оружие на железнодорожный инструмент, устроился слесарем в вагонное депо. Работал на станции Аврора, затем – на Защите. Впоследствии 18 лет трудился начальником грузового двора станции Защита. Женился, вместе с женой Юлией Гавриловной подняли на ноги троих детей. Они всю жизнь честно трудились, жили просто. Стаж Василия Снегура на железной дороге – 36 лет. После выхода на пенсию супруги построили пасеку, выращивали скот.

Ветеран всегда рад видеть своих бывших коллег.

Память об этих стариках – это уважение к нашему общему прошлому, трудовым и боевым свершениям. Это то, что делает людей людьми.

*Фото автора*

# СИЛЬНЫЙ ДУХОМ

**За плечами участника трудового фронта Евгения Вавианко долгий и нелегкий жизненный путь. Через испытания, которые легли тяжким бременем на его судьбу, он прошел с достоинством. И чем ближе приближается День Победы, тем волнительнее становятся дни для ветерана, ведь память возвращает в то далекое время, когда звучал призыв «Все для фронта, все для Победы!».**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматинская область



Бывает, достаточно одного взгляда, чтобы проникнуться к человеку симпатией, удивиться его жизнелюбию, энергии и оптимизму. На маленькой станции Коксу в Алматинской области проживает Евгений Вавианко, который самоотверженно трудился в годы войны в тылу.

Когда советские солдаты проявляли чудеса героизма на фронте, труженики тыла создавали фундамент победы. И тот факт, что большинство из них не слышали взрывов снарядов и над ними не свистели пули, ни в коей мере не преуменьшает их заслуг.

Семья Евгения Вавианко переехала в Казахстан из Оренбургской области еще в 1934 году. А в 1944-м он устроился кочегаром в депо Уштобе. Этот худощавый паренек, совсем еще подросток, работал сутками наравне со взрослыми. Массовый характер приобрело движение «Работать не только за себя, но и за товарища, ушедшего на фронт». В условиях войны Евгений, как и его товарищи, забывал о сне и отдыхе, перевыполняя трудовые нормы. Лозунг «Все для фронта, все для Победы!» стал, по сути, всенародным. И самоотверженный труд Евгения, его отца, сестер и братьев-железнодорожников, которые ковали Победу в тылу, бесценен.

Действительно, удивительная одержимость двигала людьми того времени, это были сильные духом люди. Поразительная стойкость, проявленная народом в тяжелые военные годы, позволила выстоять и победить.

После войны Евгений Вавианко поработал помощником машиниста, а пройдя обучение в Дорожной технической школе и успешно сдав экзамены, сел самостоятельно за пульт локомотива. До самой пенсии работал машинистом и, как сам сейчас говорит ветеран, отлично знает каждый поворот, спуск и подъем на участках Коксу – Текели, Сарыозек – Уштобе, по которым водил поезда.

Евгений Николаевич награжден медалями «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне», «Участник Трудового фронта», «За доблестный труд в период Великой Отечественной войны 1941-1945 гг», «За трудовую доблесть», юбилейными медалями.

13 мая нашему ветерану исполняется 95 лет, каждый год он с нетерпением ждет Великий праздник 9 Мая, отдавая дань памяти тем, кто сражался за светлое будущее, кто ковал Победу в тылу.

*Фото автора*

# В УНИСОН С ДОРОГОЙ

**В годы Великой Отечественной войны газета «Турксиб» постоянно печатала на своих страницах письма бойцов с фронта. Эти солдатские «треугольники» помогали тыловикам преодолевать трудности, совершая подвиги далеко от линии фронта.**

**Милена КАИРОВА,**
Алматы




В каждом письме был рассказ о стойкости и крепости людей, о фронтовых дорогах, боевых действиях. Письма чьих-то мужей, сыновей, отцов и братьев согревали женские сердца, придавали сил и бодрости. Пресса широко освещала подвиги бойцов на фронте и самоотверженность людей в тылу.

В годы Великой Отечественной войны широко развернулись массовые мероприятия на железной дороге в помощь фронту. Газета «Турксиб» писала об этом так: «Жены железнодорожников станции Луговая объявили сбор теплых вещей для бойцов Красной армии. Они организовали питание – домашние обеды для проезжающих бойцов. Турксибовцы выделяли для нужд фронта продукты из личного хозяйства».

Только в течение 1943-1944 годов они подготовили и послали в западные регионы страны свыше 29 тысяч квалифицированных специалистов для восстановительных работ и тять тысяч кадровых работников для участия в освободительных операциях. По инициативе работников станции Мерке на дороге было создано более 250 общественных бригад по погрузке и выгрузке вагонов. В них вошли домохозяйки, железнодорожники тыла и работники промышленных предприятий. Их труд позволил наполовину сократить простой вагонов под грузовыми операциями.

Домохозяйка Оргай Галяскарова одной из первых откликнулась на патриотический призыв и освоила профессию путевого обходчика. Закрепленные за ней километры пути содержались в отличном состоянии. Военная пресса писала, что Галяскарова мобилизовала женщин своего околотка в помощь фронту, они вязали носки и варежки для бойцов.

Газета писала и о Клавдии Калужиной, которая освоила профессию машиниста. Ее паровоз был в полном порядке и исправности.

Первая казашка – машинист депо Пишпек Забира Жунусова в эти суровые годы войны доставляла военные грузы. Свыше трех тысяч женщин овладели отраслевыми профессиями и пришли работать на дорогу. Все они становились в один ряд с мужчинами и несли нелегкую вахту военного времени. В годы войны из Казахстана на фронт ушли миллион 366 тысяч человек, каждый десятый воин – женщина. И по самым скромным подсчетам, с военных полей не вернулось более полумиллиона казахстанцев. В числе воинов-панфиловцев были и железнодорожники с Туркестано-Сибирской железной дороги: Герой Советского Союза Иван Шапшаев, Галел Вильданов, Исмухан Таймасов, Миспах Иманбеков, Мусахан Алимжанов. Их имена вошли в историческое наследие дороги.

В годы Великой Отечественной войны отраслевая газета «Турксиб» печаталась боевым листком. Ее ждали на каждой станции и полустанке, в далекой глубинке, на каждом разъезде. И ни на минуту не угасало биение сердца печатного органа – железнодорожной газеты.

*Фото из архива*

КТ rail-news.kz

№33-34 (2748-2749) 06/05/2022

**Қызылордалықтар үшін Любовь Сергеевна Колесник «Люба әжей» атанғалы қай заман. Соғысқа осы қаладан аттанған әжеміздің туған жері де алыс емес, мынау тұрған Арыс қаласы.**

# БІЗДІҢ ЛЮБА ӘЖЕЙ



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

1925 жылы Түркістан облысының Арыс қаласында әскери қызметкерлер отбасында дүниеге келген Любовь Сергеевна соғыс басталғанда Қызылорда медициналық техникумында оқып жүрген жас қыз екен. 1941 жылы отбасымен Сыр еліне қоныс аударған. Дәрігерлік мамандық алған Люба әжей бір топ құрбыларымен соғысқа аттанып, 1-ші Белоруссия майданы құрамында Германияға дейін барады. Дала госпиталінде жараланған жауынгерлерге дәрігерлік көмек көрсетіп, талай сарбазды жаңбырдай жауып тұрған оқ арасынан алып шығып, ажалдан арашалап қалады.

1945 жылы көктемде неміс фашистерінің мұздай қаруланған әскерінің күл-талқанын шығарған кеңес одағының жеңімпаз жауынгері болып жеңісті Германияның Ной-Репен қалашығындағы шағын дәрігерлік пунктте (санчасть) қарсы алған. Көп ұзамай кеудесі орден-медальға толы медицина саласының запастағы капитаны жеңіспен елге оралады. Қызылорда паровоз депосының медпунктіне фельдшер болып орналасып, зейнет жасына жеткенше жұмыс жасайды. Биылғы жеңістің 77 жылдық мерекесі қарсаңында 97 жасқа толғалы отырған ардагер қазіргі таңда көп қабатты үйдегі екі бөлмелі пәтерде 71 жастағы қызы Татьянамен бірге тұрады.

Кеше аймақ теміржолының ардагерін Қызылорда жол дистанциясының ұжымы атынан кәсіподақ ұйымы төрайымы Ғалия Ноғайбаева мен кадр бөлімінің маманы Назым Нәрікбаева жеңіс мерекесімен құттықтай барып, құшағын гүлге толтырып, азық-түлік себетіне қоса қаржылай қаражат табыстады.

– Әуе шабуылы кезінде жаралылардың жанынан табылып, оларды тыныштандыруға тырысатынбыз. Өзіміз қорқып тұрсақ та жауынгерлерге сездірмеуге тырысамыз. Кейде үмітсіз жағдайдағы жауынгерді жұбатарға сөз таппай, айнала бере жылап алатынбыз. Дала госпиталі жеңіл жаралыларға арналғанмен, кейде ауыр жараланған жауынгерлер де жатқызылатын. Тәулік бойы жұмыс жасайтын дәрігерлер құрамы оларды кезекпен күтіп, соңынан келетін санитарлық пойызға тиеп жіберетінбіз, қаншасы жолда өлетін, – дейді қанқұйлы соғыс сұмдығын есіне алған майдангер.

– Қазір саусақпен санарлықтай сиреп қалған ардагерлер – тарихтың тірі куәгерлері. Олар Отанды жаудан қорғап қана қойған жоқ, соғыстан кейін елдің іргесін көтеруге атсалысты, аймақ теміржолының өркендеуіне үлес қосты. Солардың бірі – біздің Люба әжей. Оларды қалай құрметтесек те жарасады, – деді кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева.

*Суретті түсірген автор*

# ТЫЛ АРДАГЕРІНІҢ ҚОС МЕРЕКЕСІ

**Ұлы Отан соғысы кезінде тылдағы халық соғыстың алғашқы күнінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен еңбек етті. Қан майданға аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



Атыраулық тыл еңбеккері Мұхтаров Мақсот алты жасынан бастап еңбекке араласыпты. Бүгінде 86 жасқа келген ардагер баянсыз балалық шағын көзіне жас алмай еске ала алмайды. Кеше тыл ардагерін Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Аслан Базарғалиев пен кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрбол Нұрышев Жеңістің 77 жылдығымен арнайы құттықтады.

6 мамыр Мақсот ағаның туған күні екен әрі Жеңістің 77 жылдығына орай әріптес інілерінің арнайы құттықтап келгеніне қария балаша қуанып қарсы алды. Бөлімше бастығы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас директорының Алғыс хаты, сондай-ақ өз атынан дайындаған сый-сияпаттары мен ақшалай көмек және әлеуметтік қоржын табыс етті. Ал, қазақы дәстүрмен жайылған кең дастархан басында темір жолдың өткені мен бүгіні туралы келелі әңгіме қозғалып, болашақтағы әлеуеті туралы пікірлер айтылды.

– Өркендерің өссін, көптен көп рахмет айтамын. Сіздер келеді деп естігеннен бері көңілім алыпұшып, көңілденіп асыға күттім. Қазір тіптен қуанып отырмын. Аман жүріңдер, жұмыстарың жемісті болсын, біз тек тілектеспіз, – деп қарт теміржолшы батасын берді.

Мұхтар аға алты жасынан еңбекке қалай араласты десек, анасына көмектесіп колхозда қозы бағыпты. «Е, қарақтарым, ол кезде сен алтыдасың ба, жоқ алпыстасың ба, айырмашылық жоқ, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін жауды жеңсек деген тілекпен жанталастық емес пе...» деп ауыр күрсінді біздің таңданысымызды түсініп. Ер жете келе Атырау станциясына келіп пойыз құрастырушы, башмақшы болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Бүгінде ұрпақ қызығына кенеліп, Ұлы Жеңістің 77 жылдығын көріп отырған бақытты ата.

*Суретті түсірген автор*

# СОҒЫС КЕЗІНДЕ «ҚҰРМЕТТІ ТЕМІРЖОЛШЫ» АТАНҒАН

**Соғыс жылдары арнайы жасақталған теміржол әскери құрылымы құрамында болған Мұхтар Жұмағұлов Қатынас жолдары халық комиссариатының пәрменімен «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталды. Бірақ 1945 жылы берілген атақ иесін арада тек алты жыл өткенде, 1951 жылы табады...**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Есімі «Тәуелсіз Қазақстан темір жол көлігі» энциклопедиясына жазылған теміржолшы ол кезде небәрі 25 жаста екен. Ақтөбе облысы Шалқар ауданында 1920 жылы туған Мұхтар Жұмағұлов әке-шешеден тұлдыр жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген. 15 жасында Ақтөбедегі ФЗО-ға түсіп екі жыл оқыды. 16 жасында теміржолға жұмысқа кіріп, 55 разъезде станция кезекшісі болып Морзе аппаратын аса шеберлікпен меңгеріп, екі жылдан соң Құмсай станциясына ауысып, жастығына қарамай станция бастығы болып қызмет атқарады.

1941 жылы соғыс басталғанда Қатынас жолдары Халық комиссариатының соғыс кезіндегі темір жол әскери бұйрығына сәйкес Ақтөбе қаласынан майданға аттанып, қираған темір жолдар мен көпірлерді қалпына келтіретін арнайы құрам сапында әскери борышын өтейді. Жаңбырдай жауған оқ пен жарылған бомбаның астында жүріп, сағат сайын бүлінген теміржолдарды жалғап, оқ-дәрі, қару-жарақ тиелген бір эшелонды болса да өткізіп үлгеріп жанталасқан теміржолшылар жасаған ерліктің жоғары үлгісін танытқаны тарихтан мәлім.

1942 жылы Литва темір жолының Панара станциясының бастығы болып тағайындалған Мұхтар Жұмағұлов арнаулы тапсырманы үздік орындағаны



үшін «Құрметті теміржолшы» белгісіне ұсынылады. 1951 жылы Ақтөбедегі 59 разъезде станция кезекшісі болып жүргенде 1945 жылы берілген атақ иесін тауып, төсбелгісін алады.

Майдангер соғыстан кейін де бүкіл өмірін темір жол саласына арнайды. Станция кезекшісінен бастап станция бастығы, Орынбор қаласында арнайы курста білім алған соң 1960 жылдан Ембі-Қотыртас аралығында аға электр механигі болып 35 жыл қызмет етеді. Содан кейін Бершүгір-Мұғалжар учаскесінде ПОНАБ электромеханигі болып қызмет атқарды. Сүйікті саласына 49 жыл өмірін арнап, 1985 жылы Шалқар белгі беру дистанциясынан зейнеткерлік демалысқа шығады.

1979 жылы темір жол саласындағы ұзақ та абыройлы қызметі үшін СССР Қатынас жолдары министрі Б.П.Бещевтің бұйрығымен "Москвич-312" жеңіл автокөлігін сыйға алған. Бұл ол заманда екінің бірі қолы жетпейтін керемет сыйлық болатын.

Мұхтар Жұмағұлов өмірлік жары Мейізбен 46 жыл отасып, 10 бала өсірді. Олардың бәрі жоғары білім алып, теміржолдың сан саласында жемісті еңбек етіп, бүгінге Жұмағұловтар әулетінің абыройын асқақтатып жүр. Теміржолдың тынысы тірлігіне араласып, ел экономикасын өркендетуге қомақты үлес қосуда.

Ардагер 1994 жылы 74 жасында дүниеден озды.

## Еңбек қорғау

# ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫН АЛДЫ

**«ҚТЖ» ЖШС Батыс аймақтық филиалында еңбекті қорғау күніне орай қоғамдық инспекторлар жұмысы сараланды.**

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Ақтөбе

– «Батыс» филиалы жыл сайын жұмысшыларды ынталандырып, өндірісте еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи әдістерін қолданып келеді. Биылдыққа жарақат алу жағдайы тіркелмеді. Мұндай жақсы көрсеткішке әр маманның қосқан үлесі зор. Қазір бізде KTZ HSE ISPB модулінің артықшылықтары мен тиімді тұсын сәтті пайдалану басты назарға алынған. Қызметкерлер үшін қауіпсіз, ыңғайлы орта қалыптастырып, алаңсыз жұмыс істеу үшін жайлы орын жасақтауға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүреді. Өндіріс мәдениеті мен сапалы өмір сүру, сонымен қатар өз денсаулығына және әріптестерінің өміріне жауапкершілікпен қарау бәрінен маңызды, – дейді Батыс аймақтық филиалының бас инженері Жасұлан Рсқалиев.

